



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ:
ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

Х-шы Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
5 мамыр 2020 ж.

**СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА:
ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ**

Материалы X-Международной
научно-практической конференции
5 мая 2020 г.

Нур-Султан, 2020

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нуртазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Доктор политических наук, профессор **Хасан Язиджы**, Турция
Депутат VI Созыва Палаты представителей Национального собрания
Республики Беларусь – **Жданович Павел Леонидович**

Организационный комитет конференции: E-mail: polscience323@gmail.com

Информация о конференции на сайте: enu.kz

Рыстина И.С. – доктор PhD, доцент, зав.кафедрой политологии

Копежанова Д.Е.- доктор PhD, доцент кафедры политологии

Болатулы Нуржан – преподаватель кафедры политологии

«Социально-политическая модернизация казахстанского общества: перспективы и вызовы».

Сборник материалов X- Международной научно-практической конференции. (5 мая 2020 г) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337- 131-3

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки, философии Абая Кунанбаева в современных социально-политических реалиях, волонтерства в контексте формирования гражданского общества и реализация программы «Рухани жанғыру», как новые тренды духовного обновления нации.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337- 131-3

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020.

Во-вторых, ситуация в Казахстане, связанная с религией, впервые за много лет пошатнулась. Традиционный межконфессиональный баланс подрывается. В связи с этим, Республике, построившей свою репутацию на гостеприимстве, открытости и лояльности, приходится делать сильный упор на сохранение подобного мира среди народа Казахстана. Это тоже является препятствием для введения каких-либо законов, ограничивающих изучение и пропаганду деструктивных культов, проникающих в государство.

В-третьих, на распространение данных организаций влияет и широкомасштабная урбанизация, проходящая на территории страны. Стоит отметить, что для достижение своих целей, сектанты материально поощряют адептов. Они могут помочь им в поиске работы, в изучении языков, а иногда и оказать временную материальную поддержку. Не стоит забывать, что так или иначе, целью деструктивных культов и сект не может быть помощь своим последователям. Их материальная поддержка недолговечна, но она привязывает адепта к проповеднику данного верования, что и является главной целью вербовщиков. Рост городов, конкуренция и растущие потребности народа, который все больше начинает нуждаться в материальной поддержке извне, помогают негативно настроенным сектам занять свою нишу.

В связи с подобной ситуацией в государстве, власти Республики Казахстан вводят новые поправки в законодательство, обращая на данную проблему все больше внимания. Следует отметить, что за деструктивными культурами и сектами, осуществляется непрекращающийся контроль, призванный увеличить религиозную безопасность как среди населения Казахстана, так и среди населения всей Центральной Азии.

Список литературы:

1. Вебер М. Избранные произведения / пер. с нем. М.И. Левина, А.Ф. Филиппов, П.П. Гайдено. 1990 г.
2. Погасий А. К вопросу о понятии «секта». URL: <http://www.bibliotheca/sekta1.htm/>
3. Куницын И.А. Защита религиозной идентичности в эпоху глобализации // Закон и право. 2004.

Научный руководитель: Тюлебекова Долорес Борисовна, доктор PhD политических наук, преподаватель, РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева».

УДК 351.712.4

***Б.О.Ахатаева,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
E-mail: magtarih@mail.ru***

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК СЕРІКТЕСТІКТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Андатпа

Баяндама мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің теориялық аспектілері: мақсаттар, міндеттер, мемлекеттік саясат тетіктерін жетілдіру арқылы реттеу жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: мемлекеттік-жеке меншік, МЖӘ, мемлекет, жеке сектор.

Annotation

The report considers the theoretical aspects of public-private partnership: goals, objectives, ways of regulation through the improvement of public policy mechanisms.

Keywords: public-private partnership, PPP, government.

Әлеуметтік экономиканың қарқынды дамуының басты қадамы мемлекет пен бизнестің өзара тиімді қарым-қатынасы болып табылады. Мемлекет пен бизнестің өзара бірігуінің басты мақсаты МЖӘ құру негізінде елдің экономикалық өсімін, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын көтеруге бағытталған. Бүгінгі күні нарықтық экономика саясатын ұстанатын мемлекеттердің экономикалық тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз етудің ең тиімді әдісі мемлекет пен бизнестің өзара конструктивті қарым-қатынас құра алуында болып тұр. Бұған мемлекеттік - жеке меншік әріптестіктік (әрі қарай МЖӘ) бойынша бұрыннан жұмыс жасап келе жатқан шет елдердің тәжірибесі дәлел. Мемлекеттің және жеке сектордың әлеуметтік маңызы бар міндеттерді шешудегі өзара іс - қимылы кәзіргі уақытта Қазақстанда да кеңінен таралуда. Дегенмен, МЖӘ соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық сферадағы ең маңызды мәселелердің бірі болғандықтан көп зерттеуді талап етеді.

Мемлекет пен жекеменшік әріптестігінің шығу тарихына көз салар болсақ, бүгінгі күні МЖӘ қоғамдық маңызды жобаларды жүзеге асыру барысындағы мемлекет пен жеке меншік секторының өзара қарым қатынасының қарқынды дамып келе жатқан формасы.

МЖӘ қажеттілігі, әсіресе мемлекет дәстүрлі түрде жауапты болып келетін нысандар аясында (транспорттық, әлеуметтік, коммуналдық, инфрақұрылым, мідени нысандар т.б.); ортақ қолданыстағы қоғамдық нысандардың реконструкциясы, жөндеу жұмыстары; аймақтық тазалық жұмыстары; тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы; білім беру; денсаулық сақтау[1].

МЖӘ Қазақстанда ғана емес, посткеңестік мемлекеттерде де енді қалыптасып келе жатқандықтан, сипаты мен мазмұнында әлі де болса айқындайтын тұстары бар. «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік» түсінігінің мазмұнын бірнеше тұрғыда қарастырсақ, көптеген мамандар бұл әріптестікті инвестициялық жобалардың қаржыландырылуы мен жүзеге асырылуының мемлекет пен жеке сектордың бірігіп атқаратын шарасы ретінде анықтайды.

Атап айтқанда, П.Бруссер және С.Рожкова мемлекеттік жеке меншік әріптестікті «инфрақұрылым объектілерінің жоспарлау, қаржыландыру, салу және қолданысқа беру мақсатындағы мемлекеттік билік пен жеке сектордың өзара шаруашылық қарым қатынасының дәстүрлі механизмін дамыту» деп анықтай отырып, «инвестиция тартудың жаңа сапалы және тиімді әдісі» деп көрсетеді. [1] Алайда, бұл анықтама мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің мазмұнын тарылтады, түсінік аясын тек инфрақұрылыммен шектейді, алайда, мемлекеттік –жеке меншік әріптестіктің игілігін қоғамның өзге де салаларында – саясат, мәдениет, ғылым т.б. пайдалануға болады. Аясы мазмұнын ашпайтын бұл анықтаманың берілу себебі мемлекеттік-жеке меншік әріптестік терминінің негізі қаланған шет елдерге қарағанда посткеңестік аймақта әріптестік механизмінің енді қалыптасып, әлі де болса дамуында болуы мүмкін.

В.Г.Варнавский жалпылама сипаттағы анықтама береді: «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі –ұлттық және халықаралық, ауқымды және жергілікті қоғамдық маңызы бар жобалар мен өндірістің стратегиялық маңызы бар салалары мен қоғамдық қызмет түрлерін қамтитын кең спектрлі қызмет түрлеріне негізделген бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатындағы мемлекет пен бизнес арасындағы ұйымдастырушы және институционалды альянсы. Жеке меншік әріптестікті жиі «жартылай жекешелендірумен» байланыстырады, мысалы, Варнавский В.Г. әріптестікті стратегиялық маңызы бар мемлекеттік меншіктегі объектілерді толық жекешелендірілуінің альтернативасы, қосалқы, жартылай жекешелендіру сипатын бере отырып қарастырады. [2]

Себебі, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік толық жекешелендіруге жатпайтын, бюджеттік қаржыландырылуы шектеулі, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, транспорт, әлеуметтік сала, елді мекендерді абаттандандыру, мәдени мұраларды күту және қорғау стратегиялық маңызы бар салалардың құзырын мемлекет пен бизнес арасында бөлуге мүмкіндік береді. Егер нарықтық тұрғыдан қарастырса, жоғарыда көрсетілген объектілердің активтері жеке бизнес өкілдері үшін аса тартымды да табысты емес, бірақ қоғамдық маңызды объектілер, ал, мемлекетпен біріксе екі жақты тиімді екені анық. Осы жерде МЖӘ мемлекет пен бизнес аралық жекешелендірудің басқарылатын жекешелендіру баламасы қарастыруға толық негіз бар[3].

МЖӘ байланысты тағы бір ұстаным бар, ол бойынша әріптестік мемлекет пен бизнестің өзара қарым қатынас шекарасында тұрғанымен, жекешелендіру немесе қоғамдық маңызды объектілерді халық игілігіне айналдыру институты ретінде емес, тек мемлекеттің қоғам алдындағы маңызды міндеттерін тоқтаусыз өтеуін оптимизациялауының бір формасы ретінде қарастырады[4].

Мысалы, Ұлы Британ елінде МЖӘ шын мәнісінде мемлекеттің қоғам алдындағы міндеттерін өтеуге негізделіп отырған құралы ретінде қарастырылады.

Көрші Ресей Федерациясының нормативті құқықтық базасын қарастырсақ, «Томск облысындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің негізі туралы» 16.10.2006 ж. Заңында әріптестікті төмендегідей анықтайды: «Томск облысы және Томск облысы муниципалды ұйымдары бір жағынан және шаруашылық субъектілері екінші жағынан, арасындағы аймақтық және жергілікті өңірлердің инновациялық мүмкіндіктерін дамыту, облыстық және муниципалдық меншіктегі инфрақұрылымдық және әлеуметтік сала объектілерін жоспарлау, қаржыландыру, реконструкциялау, жөндеу, салу, эксплуатацияға беруге байланысты құрылған өзара қарым қатынасы» [5].

Ал, Санкт-Петербург «Санкт-Петербурдың мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктерге қатысуы» туралы Заңында «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік - Санкт-Петербург мен ресей немесе шет ел жеке тұлғалары немесе заңды тұлғалары арасындағы қарапайым серіктестік келісім шарты негізіндегі (бірігіп жұмыс жасау туралы) әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыру мақсатында жасалатын өзара тиімді қатынасы» [6].

Берілген анықтамалар бір ресей Федерациясының өзінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің әр қилы сипатталатынын көрсетеді.

Әдебиеттерде МЖӘ саласындағы зерттеулердің кең спектрі және оның инновациялық экономиканың дамуындағы рөлі ұсынылған: тұжырымдама, теория, әдістеме, МЖӘ аясындағы мемлекет пен бизнес құрылымдарының өзара әрекеттесу модельдері, оның тиімділігін бағалау тәсілдері және т.б. [7,8,9,10,11], МЖӘ жобаларын іске асырудағы халықаралық тәжірибені салыстырмалы талдау [9, 10, 11, 12].

Көптеген дамыған және дамушы елдерде мемлекеттік-жеке меншік серіктестік инновациялық белсенділікті арттырудың және ұзақ мерзімді инвестицияларды тартудың негізгі ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктерінің бірі болып табылады. МЖӘ инновациялық қызметті дамыту және дамыту құралы ретінде дамыған елдер кеңінен қолданады және тәжірибеде өзінің тиімділігін дәлелдеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы жүзеге асырған МЖӘ аясында 48 жобаны талдау көрсеткендей, мұндай жобалардың 80%-ы жоспарланған бюджеттен аз шығынмен жүзеге асырылды, ал жобалардың 60% -ы сервисті жақсарту арқылы жоспарланғаннан ертерек аяқталды. Екінші жағынан, мемлекеттік органдар жүзеге асырған жобалардың 64% жоспарланғаннан кешірек аяқталды [12].

Инновациялық экономикадағы МЖӘ проблемалары туралы жарияланымдардың көптігіне қарамастан, тауарлы экономикасы бар дамушы елдерде мемлекеттік-жеке меншік серіктестік аясында ұлттық инновациялық жүйені қалыптастырудың көптеген мәселелері әлі де жеткілікті зерттеулерді алған жоқ.

Қазіргі таңда әлем елдерінің әрқайсысында мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің даму деңгейі мен бағыттары әртүрлі, және кейбір елдерде, оның ішінде Қазақстанда да аталған қарым-қатынастардың қалыптасуы мен енгізілуі әлі күнге дейін жүргізіліп жатыр. Себебі, Қазақстандағы МЖӘ қызмет сапасы бұл анықтамаға сай келуі үшін, әлде де өз жұмысын жетілдіруі тиістігін байқаймыз, себебі мемлекеттің қоғам алдындағы міндеттері тиісті дәрежеде және тоқтаусыз өтеу механизмі толыққанды іске қосылмаған. Ал, елімізге тоқталсақ, ҚР Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы Заңы 31.10.2015 жылы (№379V) бекітіліп, қолданысқа енді. Алайда мемлекеттік – жеке меншік әріптестіктер Заң қабылданғанға дейін де жүзеге асырылып келген, бұған дейін мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің өзара қарым-қатынасы ҚР 2006 жылғы 07 шілдедегі № 167 «Концессиялар туралы» Заңымен реттеліп отырған. Егер бұл Заң тек әлеуметтік инфрақұрылым және өмір сүруге қажетті объектілерге негізделген әріптестік қарым-қатынасын реттесе, «Мемлекеттік-жеке меншік туралы» Заңы экономиканың барлық салаларын қамтиды. Заңға сай МЖӘ – бұл мемлекеттік және жеке меншік сектордағы инфрақұрылымдық қызметтер мен қоғамдық қызмет көрсету жобаларын жүзеге асыру мақсатындағы серіктестік және де МЖӘ құқықтық жағдайлары, оның жүзеге асырылу тәсілдері және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын дайындау мен іске асыру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарын жасау, орындау және тоқтату процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар «Мемлекеттік жеке меншік туралы» Заңымен реттеледі [13].

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасындағы МЖӘ саласындағы зерттеулер (ҚР) қатысты салыстырмалы түрде аз (мысалы, осы мақаланы дайындау кезінде Scopus мәліметтер базасында (2018 жылғы қазан) 16 741 жарияланым тіркелді, онда тақырыпта, аннотацияларда және (немесе) түйінді сөздерде «мемлекеттік-жеке меншік әріптестік» термині пайда болды) оның ішінде тек 39 мақаланың мазмұны Қазақстанға қатысты; сонымен қатар, барлық мақалалар 2013–2017 жж. жарияланған, бұл Қазақстандағы МЖӘ жағдайын, проблемалары мен даму перспективаларын талдаудың өзектілігін анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. (Бруссер П., Рожкова С. Государственно-частное партнерство – новый механизм привлечения инвестиций // Рынок ценных бумаг. – 2007. - №27 – С.29-33)
2. Варнавский В. Приватизационные процессы в инфраструктуре: успехи и ошибки реформ//Мировая экономика и международные отношения – 2005.- №8. – С.109-113.
3. Варнавский В. Альянс на неопределенный срок//ФельдПочта.-2004.-№29. – С.3-7, С 5.
4. Gerrard M.B. What are public-private partnerships, and how do they differ from privatizations? // Finans & development. – 2001. – Vol.38. N 3.
5. <http://www.flexa.ru/law/spb/spb016.shtml>.
6. Мемлекеттік –жеке меншік туралы ҚР Заңы, 31.10.2015 ж. Ст1. пп6. №379-VҚРЗ
- 7.Ablaev I. M., Akhmetshina E. R. (2016) The role of the public private partnership in the innovation cluster development // Journal of Economics and Economic Education Research. 17 (4). Pp. 220–232.
- 8.Javed A. A., Lam P. T. I., Chan A. P. C. (2014) Change negotiation in public-private partnership projects through output specifications: an experimental approach based on game theory // Construction Management and Economics. 32 (4). Pp. 323–348.
9. Cruz C. O., Marques R. C. (2014) Theoretical considerations on quantitative PPP viability analysis // Journal of Management in Engineering. 30 (1). Pp. 122–126.
- 10.Berezin A., Sergi B. S., Gorodnova N. (2018) Efficiency assessment of public-private partnership (PPP) projects: The case of Russia // Sustainability: Open Access. 10 (10). 3713. Pp. 1–18.

8. Cong X., Ma L. (2018) Performance evaluation of public-private partnership projects from the perspective of Efficiency, Economic, Effectiveness, and Equity: A study of residential renovation projects in China // Sustainability: Open Access. 10 (10). 1951. Pp. 1–21.

11. Akintoye A., Beck M., Kumaraswamy M. (2016) Public Private Partnerships: A Global Review. Taylor and Francis, 412 p.

12. Rouboutsos A. (2015) Public Private Partnerships in Transport Infrastructure: An International Review // Transport Reviews. 35 (2). Pp. 111–117.

13. Государственно-частное партнерство. №17-2019.36

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, ғылыми жетекші Нуртазина Р.А. Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Б.О.Ахатаева, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, PhD докторанты.
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

E-mail: magtarh@mail.ru. Тел: 8-707-425-47-70

Әбілхан Тоғжан Әзімханқызы
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің
журналистика және саясаттану факультеті,
саясаттану мамандығының 4 курс студенті
togzhan_abilhan@mail.ru
Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ МЕДИАЦИЯНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Annotation. This article describes the development, current state and features of the institution of political mediation in the Republic of Kazakhstan. The country's role in mediation at the national and global levels will be explained, and unique opportunities for peaceful resolution and resolution of problems will be demonstrated. In addition, the need for further development and improvement of Kazakhstan's legislation and State policy in the area of mediation will be analysed in detail.

Қазақстан Республикасы жаһандану процесінің субъектісі ретінде әлемдік деңгейде орын алып жатқан құбылыстардан тыс қала алмайды. Ғылым, технология, ақпараттың жылдам күрделі дамыған заманында орын алып отырған мәселелердің шешімі субъектілердің келісіміне байланысты. Сондықтан саяси медиацияны саяси ғылымның өзекті мәселесі ретінде зерттеудің қажеттілігі туындап отыр.

Соңғы жылдары дауларды шешуде компромисс іздеу қоғамның конфликтсіз дамуын қамтамасыз етуде өзекті және тиімді шешімдердің бірі болуда. Келісімге келудің балама тәсілі елімізде 2011 жылы «Медиация туралы» Заң қабылданғаннан кейін тарала бастады. Медиация рәсімі бойсұну мен көнуге негізделмеген, керісінше екі тарап мүдделерінің қанағаттануы нәтижесінде қол жеткізілген келісімге негізделген.

Қазақстан-2050 стратегиясында Елбасымыз дауларды соттан тыс реттеуге, яғни медиация процесі арқылы реттеуге баса назар аударған болатын. Медиацияның Қазақстанда дамуында Қазақстан Халқы Ассамблеясы маңызды рөл атқарады. ҚХА-ның негізін құрайтын қоғамдық келісімді қамтамасыз ету міндеті медиацияның міндеттерімен тікелей байланысты, сондықтан да Ассамблеяның осы саладағы тиімді жұмысы қазақстандық қоғамда сұранысқа ие болуда. 2018 жылдың сәуір айынан медиацияның маңызды қоғамдық институт ретінде дамуы Қазақстан Халықтар Ассамблеясы қызметінің бір бағытына айналды. Оның барлық құрылымдарының: медиация кеңестері, қоғамдық келісім кеңестері, ғылыми сараптамалық топтар, жастар қозғалысы жұмыстары – даулардың алдын алу мен Қазақстан халқының